

Ұлытау облысы әкімдігінің 2023 жылғы 2 наурыздағы № 12/01 "Ұлытау облысы бойынша 2023 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін, ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтерін , субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттарын және субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ұлытау облысы әкімдігінің 2023 жылғы 18 қыркүйектегі № 52/01 қаулысы. Ұлытау облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 22 қыркүйекте № 48-20 болып тіркелді

Ұлытау облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ұлытау облысы әкімдігінің 2023 жылғы 2 наурыздағы №12/01 "Ұлытау облысы бойынша 2023 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін, ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтерін , субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттарын және субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдерін бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8-20 тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1 қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Б. Әбдіғалиұлы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Ұлытау облысы әкімдігінің  
2023 жылғы 18 қыркүйектегі  
№ 52/01  
қаулысына қосымша

Ұлытау облысының 2023 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

Р/с №	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	Субсидиялау көлемі	Субсидиялар сомасы, мың теңге
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы				
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:			
1.1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	бас/шағылыстыру маусымы	33 000	330 000,0
1.2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы		7 200	108 000,0
2.	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	бас/шағылыстыру маусымы	200	20 000,0
3.	Етті, етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу	сатып алынған бас	1 000	150 000,0
4.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:	сатып алынған бас		
4.1	Отандық		1 726	259 000,0
5	Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне кемінде 50 бас ірі қара мал болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген немесе ауыстырылған ірі қара малдың еркек дарақтарының (оның ішінде сүтті және сүтті-етті тұқымдардың еркек дарақтары) құнын арзандату	Тірідей салмағы, килограмм	500 000	100 000,0
	Жиыны			967 000,0
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы				
1.	Сүт өндіру құнын арзандату:			

1.1	Бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық	Өткізілген немесе өңделген килограмм	750 000	15 000,0
2.	Шаруа (фермер) кожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде сүтті және сүтті-етті бағытындағы ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін асыл тұқымды және дистрибьютерлік орталықтарды субсидиялау	Ағымдағы жылы ұрықтандырылған бас	500	2 500,0
	Жиыны			17 500,0
<b>Қой шаруашылығы</b>				
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:			
1.1	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	Бас/шағылыстыру маусымы	28 000	112 000,0
1.2	Қойлардың тауарлық аналық басы		35 000	87 500,0
2.	Отандық асыл тұқымды қойлар сатып алу	Сатып алынған бас	17 000	255 000,0
	Жиыны			454 500,0
<b>Жылқы шаруашылығы</b>				
1.	Өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу	Сатып алынған бас	100	10 000,0
	Жиыны			10 000,0
<b>Жергілікті бюджеттен бөлінген қаражаты есебінен</b>				
1.	Ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату:			
1.1	Ірі қара малдың (Етті және етті-сүтті	Бас		675 000,0

	мал шаруашылығы, сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы)		27 000	
1.2	Қойлардың	Бас	15 000	75 000,0
1.3	Жылқылардың	Бас	5 000	50 000,0
	Жиыны		47 000	800 000,0
	Барлық			2 249 000,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК